

"Испат Қармет" акционерлік қоғамының темір жол көлігімен жүк тасымалдауына арналған тарифтері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 19 маусым N 566. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.03.31. N 485 қаулысымен. ~P000485

Қарағанды көмір бәсекелестік қабілетін арттыру, сондай-ақ Теміртау қаласындағы экологиялық ахуалды сауықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қоргау жөніндегі комитеті "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен бірлесе отырып, заңдарда белгіленген тәртіппен "Испат-Қармет" акционерлік қоғамы үшін:

Тобыл станциясы арқылы Ресейге көмір тасымалдаған кезде 30% мөлшерінде ; <*>

минералды қалдықтарды (түйіршектелген шлак, көмір шламы, масақ тозаны, құрамында темір бар шлам, металургиялық шлак, шлак қыышық тас) тасымалдаған кезде 50% мөлшерінде темір жол көлігімен жүк тасымалдауға арналған тарифтер бойынша жеңілдіктер белгілеу жөнінде қажетті шаралар қабылдасын. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРУ-нің 1998.07.10 N 655 қаулысымен.

P980655_

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен бірлесе отырып:

"Испат-Қармет" акционерлік қоғамының тарифтік жеңілдіктер берілген өнімді тиеп-жөнелтілетін көлемдеріне тоқсан сайын бақылау жасауды;

беріліп отырған жеңілдіктердің Қарағанды көмірінің ресей нарығындағы бәсекелестік қабілетіне әсер етуіне талдау жасауды қамтамасыз етсін және талдаудың нәтижелері бойынша оларды өзгерту немесе күшін жою туралы өз ұсыныстарын енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК